[illegible] [illegible]аттестаттары беріліп, аралық аттес-таттардан өткен оқушылар сыныптан сыныпқа көшірілсін. 11 сынып оқушыларының жалпы орта мектепті бітірді деп есептелсін және оларға орта білімі туралы аттестат беріліп, ұсынылған оқушылар марапатталсын.

2. 9 сынып оқушылары Жақсылықова Аяулым, Маймакова Мадина, Муканова Әмиреаға „Үздік аттестат" берілсін. 11 сынып оқушылары Адамова Жансая, Алдонғар Нұрай, Мұрат Данияр, Сүлеймен Арайлымға „Алтын белгі", Хисан Мөлдірге „Үздік аттестат" берілсін.

3. 9 және 11 сыныптардың аттестаттарын қосымшасымен толтыру жауапкершілігі бекітілген мұғалімдері жүктелсін.

4. 2024-2025 оқу жылында оқу бағдарламасының орындалуы мемлекеттік стандарттың талаптарына сай деп бағалансын.

5. Жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық мектеп күнтізбесі мен оқу сағатының жобасы әзірленсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы [signature] Б. Шонғалова

Хатшысы [signature] Имантаева А. К

№1 педагогикалық кеңес

„Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы" КММ-нің „2025-2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен

басқармасы"
Өткізу күні: 2025 жыл 27 тамыз
Өткізу форматы: оффлайн
Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда мектеп қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.
Ұзақтығы: 90 мин
Қатысуға тиісті - 36
Қатыспағандар - 2
Себепті - 2, оқуда, денсаулығы бойынша

Күн тәртібінде:

1. Білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. (Әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру).
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мәселелері оны іске асыру. Ибрагимова А.М.
3. ЖИ-ні білім беру жүйесіне енгізу тәсілдері.
4. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, санитарлық нормалардың сақталуы жаңа ас мәзірі туралы. Мартихина Н.Н.
5. Педагог мәртебесі. Педагогтың міндеті - оқыту мен тәрбиелеу. Айшиева С.Б
6. Бекітілген тірек мектептеріне әдістемелік көмек көрсету. Өтениязова А.А.



Тыңдалды:
1. Білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы
Баяндамашы: Оқу ісі жөніндегі орынбасары Өтениязова А.А
Білім беру процесі жаңартылған білім мазмұнына сай ұйымдастырылады. Оқыту тұлғаға бағытталған, оқушылардың қабілеті мен қызығушылығына қарай сараланып жүргізіледі. Жаңа оқу жылында цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану, білім сапасын арттыру, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мәселелері назарға алынды. Білім беру процесін ұйымдастыруда бүгінгі заман талаптарына сай жаңаша көзқарас қажет. Әсіресе, оқытудың тұлғаға бағытталған тәсілі, оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру басты назарда болуы тиіс. Оқу жылының басталуымен бірге жаңартылған білім мазмұнына сәйкес пәндік оқытуда жобалау, зерттеу және шығармашылық тапсырмаларға басымдық беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру қағидаттарын сақтау, оқушылардың білім алуына тең

мүмкіндік жасау, цифрлық ресурстардың тиімді пайдалану да өзекті болып отыр. Сабақ кестесінің оқу жүктемесіне сай жасалуы, білім сапасын арттыру мақсатында оқу үдерісін үнемі талдау және жетілдіру қажетті айтылды. Биылғы оқу жылындағы ҚР ОАМ әдістемелік-нұсқаулық хатын, жаңа нормативтік актілермен және бағдарламаларға шолу жасалды.

Бұйрықтармен, әдістемелік-нұсқаулық хаттағы өзгерістерді мұғалімдерге таныстырды. Мұғалімдерге оқу жүктемесі таныстырылып, берілген сағат саны айтылды. Мұғалімдер бірауыздан келісіп, тарификацияға қол қойылды.

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мәселелері және оны іске асыру туралы.

Баяндамашы: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ибрагимова А.М.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – оқушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген, патриоттық, отансүйгіштік, адалдық, еңбекқорлық секілді қасиеттерін



қалыптастыруға бағытталған маңызды құжат. Бағдарлама 7 бағытты қамтиды, соның ішінде: рухани-адамгершілік тәрбие, құқықтық тәрбие, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, зияткерлік тәрбие және тағы басқалар.

Осы бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, қоғамдық пайдалы жұмыстар, волонтерлік жобалар, пікірсайыс клубтары мен ұлттық мерекелерді ұйымдастыру ұсынылды.

Сынып жетекшілері мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасар бұл бағытта нақты жоспарлармен жұмыс істеуі тиіс.

3. ЖИ-ні білім беру жүйесіне енгізу тәсілдері туралы

Баяндамашы: Информатика пәні мұғалімі: Оспанов Д.К

ЖИ технологияларын оқу процесіне енгізу – уақыт талабы.

Автоматтандырылған бағалау, жеке оқу траекториясын қалыптастыру, цифрлық көмекшілерді пайдалану ұсынылды.

Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында курстар

ұйымдастырылды.
Жасанды интеллект (ЖИ) технология-ларын білім беру жүйесіне енгізу заманауи білім берудің басты бағыттарының бірі. Бұл бағытта бірнеше бастамалар қарастырылды:
• Сабақта ЖИ құралдарын пайдалану: Оқушылардың жеке оқу траекториясын бақылау, қателіктерін автоматты түрде талдау және кері байланыс беру үшін ЖИ негізіндегі платформаларды қолдану.
• Мұғалімдердің жұмысын жеңілдету: Электронды күнделік, автоматты бағалау жүйелері, оқу материалдарын саралау мен жекелендіру мүмкіндіктері қарастырылды.
• Қауіпсіздік мәселесі ЖИ қолдануда этикалық және деректер қауіпсіздігі нормаларын сақтау қажеттігі ескерілді.
• Мұғалімдердің біліктілігін арттыру: ЖИ-мен жұмыс істеу бойынша курстар мен тренингтер ұйымдастыру ұсынылды.
4. Білім алушыларды тамақтандыру-ды ұйымдастыру, санитарлық нормалардың сақталуы, жаңа



ас мәзірі туралы
Баяндамашы: Медицина қызметкері: Мартихина Н.А
Оқушылардың денсаулығын сақтау мен дамытуда дұрыс тамақтандыру-дың рөлі зор. Осыған байланысты:
• Мектеп асханасында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың толық сақталуы тексерілді.
• Жаңа оқу жылында тамақтандыру мәзірі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес жаңартылды.
• Ас мәзіріне дәруменге бай, балалардың жас ерекшелігіне сай тағамдар енгізілді.
• Тамақ сапасына бақылау жүргізу мақсатында ата-аналар комитетінің қатысуымен комиссия құру ұсынылды.
• Арнайы медициналық қызметкер мен медбикенің бақылауымен оқушылардың тағамға қатысты шағымдары мен аллергиялары ескерілетін болады.
Мектеп асханасы санитарлық талаптарға сай жұмыс істейді.

Жаңа ас мәзірі жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңартылды. Ата-аналар комитеті мен медбике тарапынан тұрақты бақылау жүргізіледі. Тамақ сапасы мен гигиеналық жағдай қатаң назарда болады.

5. Педагог мәртебесі. Педагогтың міндеті - оқыту мен тәрбиелеу туралы

Баяндамашы: Кәсіподақ төрайымы Абишева С.Б.

«Педагог мәртебесі туралы» Заң аясында мұғалімдердің құқықтары мен міндеттері нақты айқындалған. Осы кеңесте педагогтың келесі міндеттері баса айтылды:

· Оқыту: Білім берудің сапасын арттыру, оқушының танымдық қызығушылығын дамыту, пәнге деген қызығушылығын ояту, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану.

· Тәрбиелеу: Тек білім берумен шектелмей, оқушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ұлттық тәрбие беру, отбасымен және қоғаммен тығыз байланыста жұмыс жасау.

· Мұғалім мәртебесін көтеру үшін әр педагог кәсіби дамуға ұмтылып, өз пәні мен әдістемесін жетік меңгеруі тиіс.

· Мұғалімдердің еңбегін бағалау, оларға қолайлы еңбек жағдайын жасау, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік беру - мектеп әкімшілігі мен қоғамның ортақ міндеті.

Педагог мәртебесі туралы заңға сәйкес мұғалімдер құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Мұғалім тек білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмысына да белсенді араласуы тиіс. Әр ұстаз кәсіби дамуға, шығармашылық ізденіске ұмтылып, жауапкершілікті сезінуі қажет.

6. Оқу жылының басында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-де тірек мектептерінің әкімшілігімен, «Бірлік ауылының негізгі орта мектебі» КММ-сінің бастауыш сынып мұғалімдері педагогикалық кеңеске қатысты. Мектеп директоры Г. Шонгалова жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, құттықтады. Өткен оқу

жылына есеп беріліп, жаңа оқу жылының жылдық жоспары құрылып, ұсыныстар мен құнды пікірлер талқыланды. Жобалар ұсынылды.

Мақсаты: Тірек мектептерімен өзара әрекеттестік орнату арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру және білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған тиімді әдістемелік қолдау көрсету.

Міндеттері:

1. Озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және тарату;
2. Мұғалімдер арасында әдістемелік байланыс орнату;
3. Бірлескен іс-шаралар арқылы кәсіби шеберлікті арттыру;
4. Заманауи білім беру әдістерін енгізуге жағдай жасау;
5. Тірек мектептерінің даму бағыттарын үйлестіру және қолдау.

«Тірек мектептері» жобасы аясында тәжірибе алмасу мақсатында Бірлік мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері Мыңбасы Аружан Саттарқызы мен Анықбек Наздана Бейсенбекқызы мектебімізге келді. Іс-шара барысында мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Қазанбаева Анаргүл Абаевна өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Сабақтан кейін пікір алмасу ұйымдастырылып, оқыту әдістемесіне байланысты тиімді тәсілдер талқыланды.

Шешім

1. «2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алсын.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін.
3. ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын реттейтін мектепішілік құжат әзірленіп, бекітілсін. Білім беру процесінде ЖИ мүмкіндіктері қолданылсын.
4. Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
5. Педагог мәртебесі туралы заңға сәйкес мұғалімдер құқықтары

мен міндеттері ары қарай жұмыс жалғастырылсын.

6. Тірек мектептері арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында мұғалімдер арасында жүйелі тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БСН 021040002081

Кеңес төрағасы: Г.Б. Шонғалова

Хатшы: А.К. Имантаева.

Журналда 96 (тоқсан алты) нөмірленіп, тігілді.

Мектеп директоры: Н. Балтабаев

Астрахан ауданы ... білім беретін мектебі коммуналдық ... БСН 021040002081